

МКҚК №45 «Алтын бала» бөбекжай-балабақшасындағы

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес жұмысының қорытынды нәтижесі

2025–2026 оқу жылында Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің жұмысы бекітілген жоспарға сәйкес жүйелі түрде жүргізілді. Жоспарланған отырыстар уақытылы өткізіліп, педагогтердің кәсіби әдебін сақтау, педагогикалық әдеп қағидаларын түсіндіру және ұжымда қолайлы моральдық-психологиялық ахуалды қалыптастыру бағытында жұмыстар ұйымдастырылды.

Оқу жылы барысында Қазақстан Республикасының педагогикалық әдепке қатысты нормативтік-құқықтық актілері түсіндіріліп, педагогтердің құқықтары мен міндеттері, қызметтік әдеп нормалары бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Педагогтер арасында педагогикалық әдеп қағидаларын сақтау, әріптестермен, тәрбиеленушілермен және ата-аналармен қарым-қатынас мәдениетін жетілдіру мәселелері қарастырылды.

Кеңес мүшелері тарапынан педагогтердің кәсіби қызметінде педагогикалық әдеп талаптарының сақталуына мониторинг жүргізіліп, профилактикалық жұмыстар ұйымдастырылды. Әдеп нормаларын бұзу фактілері бойынша алдын алу шаралары түсіндіріліп, ұжымда өзара сыйластық пен жауапкершілік қағидаларын нығайтуға бағытталған ұсыныстар берілді.

Жыл қорытындысы бойынша педагогикалық әдеп қағидаларын өрескел бұзу фактілері тіркелген жоқ. Педагогтер арасында қызметтік әдеп нормаларын сақтау деңгейі тұрақты екендігі байқалды. Ұжымда жағымды моральдық-психологиялық ахуал қалыптасып, педагогтердің кәсіби мәдениеті мен жауапкершілігі артты.

Қорытынды:

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің 2025–2026 оқу жылына жоспарланған іс-шаралары толық көлемде орындалды. Алға қойылған міндеттер іске асырылып, педагогикалық әдеп қағидаларын сақтау мәдениетін қалыптастыру бойынша жұмыстар өз нәтижесін берді. Келесі оқу жылында да педагогтердің кәсіби әдебін жетілдіру, құқықтық сауаттылығын арттыру және профилактикалық жұмыстарды жүйелі түрде жалғастыру ұсынылады.

